

«Қыртысы да, қатпар бүкпесі де көп. Қартайған феодалдық қоғамның кара күш, қатал мінез-қылықтары мен қулық-сұмдықтарының бәрін дерлік бойына жинаған Құнанбай мінезі Шекспир жасаған характерлердің галереясынан орын аларлықтай. Бұл образды жасауда Шекспирше қарыштау, Шекспирше характердің тұңғығына бойлау бар. Шындығында Құнанбай бірыңғай жарсоғар озбыр да емес, жылмақай қу да емес, пасық сұм да емес. Өйткен күнде мұның бәрі саязға біткен жалаң, ұсақ сипаттар болар еді ғой. Шынжыр балақ, шұбар төс Құнанбайдың күз секілді шыңырау жаратылысына біткен сипаттар көп. Олар оңай көріне қоймайды, жайын балықша тереңге жасырынады, ал егер көріне қалғанда ол жарсоғарлық емес, тылсым ақылмен, бақай қулық емес, түпсіз зымияндықпен, уақ пасықтық емес кісінің жаны түршігерлік кара жүрек қатыгездікпен көзге түседі. Айбат шексе, айдаһар бейнесінде, дұшпанын қырына алса, жалғыз көзді тажал бейнесінде көрінеді. Керекті жерінде шешен, керекті жерінде тілсіз кара тас, тұнжыраған кара бұлт...»[1,307]. Академик М.Қаратаев М.Әуезов сомдаған Құнанбай бейнесіне осындай ерекше мінездеме жасаған. Бұл сөздерден кемістік таба алмасымыз анық. «Шекспирше шарықтаған» ұлы суреткер заманы қанша қысып тұрса да, өзі танитын кемеңгер би бейнесін қапысыз сомдаған. Өз заманының, ұлтының қорғаушысы болған Құнанбай дәл осылай болуға тиіс еді.

Кеңес дәуіріндегі сыншылар Құнанбай бейнесінен кемістік іздеп шарқ ұрғаны да белгілі. Құнанбай бейнесінің автор суреттеуінен өзге, сын еңбектерінде тым кара бояу жағыла баяндалғаны да жасырын емес. «Құнанбай - келешегі кесілген, үміті үзілген, құрып бара жатқан таптың өкілі. Ол ел ішін қан қақсатып, өктемдік жүргізетін, еңбекші халықты езіп, қанай беретін жауыз, нағыз азулы жыртқыш. ...». «Қулығына, арамдығына бойлатпайтын айлакер, жауыз да тақыс Құнанбай дінді де өз пайдасына жырындылықпен, әккілікпен пайдалана біледі. ...Құнанбайдың Қарқаралыда мешіт салдыруы да, Мекеге қажылыққа баруы да құдай жолын құған діндар сопылықтан емес, жұртты алдау үшін»[2,63-64]. М.Әуезов шығармашылығын зерттеушілердің бірі белгілі ғалым Айқын Нұрқатов Құнанбай образы туралы осындай ауырлау пікір білдіреді. Тіпті, жазушының әлі де Құнанбай бейнесін дұрыс көрсете алмағандығына сын өкпе білдіреді. «Жазушы Құнанбайдың жарлы - жақыбайларға тізесі қатты батқанын реалистік түрде суреттейді. Бірақ оның өз аулындағы кедейлерге жасаған қысымын терең ашпайды. Ал Құнанбайдың өз аулындағы жарлы-жақыбайлар онша жетіскен жоқ болуға керек. Автор мұны ескермеген»[2,68],- деген сөздері осыны аңғартады. Оны мектеп оқулықтарына да солай енгізді. Мәтіннің өзінен емес, оқулықпен ғана әдебиет пәнін оқытатын мұғалімдер жастарға да қате түсінік беріп жатады. Кеңестік дәуірдегі сыншы ғалымдардың өз заманының перзенті екенін, социалистік реализм заңдылығын басшылыққа

алғанын ескере бермейді. Қазіргі күндері Құнанбай бейнесінің тарихи шындыққа қанша жақындығын, ондағы көркемдік шешімнің сырын баяндайтын салмақты зерттеулер жазылғаны көңіл қуантады. Бірақ мұны да дұрыс пайдаланбай, М.Әуезовтің Құнанбай бейнесіне жасаған қиянаты түрінде біржақты айтылып жүр. Ал, шындығында роман-эпопеяның өзіндегі Құнанбайдың көркем бейнесін тану жетіспей жатады. Бұрынғы сыншылар оны әлі де іске алғысыз жауыз етіп көрсетпегеніне іренжісе, қазіргілер оған қиянат жасалған дегенді тілге тиек етеді.

Көркем әдебиеттің өз заңдылығымен Құнанабайды тану -бүгінгі күн үшін қажеттілік болып есептеледі. Қазіргі заманның еркіндігін пайдаланған талантты қаламгерлер шығып, Құнанбайдың тарихи тұлғасын қайта сомдап жатса - ондай ірі тұлғаға көптік етпейді. Қиын заманда өзі таныған, өзі білетін ұлы ақынды тірілту үшін, саясаттың ыңғайымен оның әкесіне қара бояу жағыңқырап жіберген болса, ұлы суреткерге екінші тарихи қызметі үшін кешіріммен қарауға болар... «Екі күймек бір жаңға әділет пе?» - деп ұлы ақын айтып кеткен сөзге құлақ қойғанымыз абзал. Бірақ роман-эпопеяның өзін оқыған жандар Құнанбай бейнесіне қызыға қарамаса, одан жиренбейтінін көріп жүрміз. Бірде мынадай қызық жағдай болды. Студенттерді педагогикалық практикаға апарғанымызда, студенттер «Абай жолы» романынан сабақ өтті. Мәтінді оқытындар деп көп тапсырма берілгендіктен болар, оқушыларға романның екі томы оқытылыпты. Сабақтың тақырыбы - Құнанбай образы екен. Студентке пән мұғалімі бұрын жарияланған әдістемелік нұсқау беріпті. Онда Құнанбай образын жоғарыдағы қатты сынаған пікірлер келтірілген. Балалар өз түсініктерімен талдай бастады. Оған пән мұғалімінен қаймыққан практикант жібергісі келмей, оларды тоқтатып қойды да, қолындағы кітаптағы дайын мінездеулерді жазғыза бастады. Балалар: - Құнанабай ондай емес қой,- деп шу ете қалды. «Қатал» мұғалім, жазуды талап етті. Сол кезде алдыңғы жақта отырған ұл бала қолындағы қаламсабын лақтырып жіберді де: - Құнанбай туралы мұндай сөздерді жазбаймын,- деді. Мен қатты қуанып кеттім. Бала романдағы Құнанбай бейнесін таныған. Оны жүрегімен сезініп отыр. Соны көп мысал етіп айтып жүремін. Романдағы Құнанбай бейнесі - нағыз көркемдіктің асқар шыңы. Тек романды оқытып, оның құндылығын таныту ғана жетіспей жатады. Академик М.Қаратаев біршама дұрыс баға береді де, оны талдауға, ішкі сырларына тереңдеп бармайды. Әдебиет заңдылығын терең білетін ғалым, сірә да, әдейі бармаған болуы керек. Оны ол кездегі уақыт көтермейтінін біліп, сол кездегі көпшілік сыншылар сияқты мазмұндай отырып, мадақ айтады.

М.Қаратаевтың роман-эпопеяны алғашқылардың бірі болып бағалаған ірі ғалымдар Т.Нұртазин мен М.Ғабдуллиннің сын мақалаларының бағалы жақтарын айта келіп, мынадай сын айтады: «Ол кемшілік сол аталған мақалаларда романның көркемдік ерекшеліктерінің ашылмауына, жазушының суреттеу құралдары мен тәсілдерінің талданбауына байланысты еді. Бұл кемшілік, бір жағынан, жалпы сол кездегі әдеби сынымызға түгелдей ортақ болатын»[1,70]. Романның құндылығын дәл

танып, оның характерлерінің жасалу шеберлігі баяндалды, бірақ характер жасау әдістері мен тәсілдеріне нақты талдау жасалу әлі де кемшін соғып жатты. Әрбір әдісті тереңдей ашып, портрет сырын, монолог, диалог, жағдай мен оқиға үстіндегі характерді дәлдеп танытып, тереңдей талданса, мүмкін, бұл роман да тұзаққа түсіп қалар ма еді? Сыншылар осыны ескерген болар ма деген ой келеді. Бүкіл әлемге танылған ғажайып дүние маңдайымызға сыймай кетуі мүмкін ғой. Көркемдік сырларын терең біле тұра ғалымдар оны қопара зерттемегенін осындай себептерден іздеген дұрыс болар.

«Табиғат суреті мен адам портретін жасау жөнінде де М.Әуезовтің шеберлігі алабөтен. Бірақ, бір қызығы, осының ешқайсысын жазушы дербес мақсат етіп алмайды. Мұның бәрі жазушының образ жасау мақсатына бағынышты. Белгілі бір оқиғаның жағдайын, кейіпкерлерінің бейнесін, көңіл-күйін аша түсу үшін қажет болған тұста ғана автор табиғат көрінісін, адам пішінін геройының психологиялық жан құбылысына ұштастыра суреттейді»[1,319],- деп М.Қаратаев көркемдік қырларына біраз тереңдей енеді. Бірақ тұтас көрсетпейді. Романда Абай көзімен берілетін Құнанабай портреті туралы ғалымдар бірнеше пікір білдіреді. М.Қаратаев: «Құнанбайдың портретін жасауда жазушы оның жалғыз көзін сипаттау арқылы даланы тітіренткен қатал да қаһарлы аға сұлтанның характерін қолмен қойғандай алдына әкеледі»[1,319],- дейді. Ал, А.Нұрқатов: «Бұл портреттік сипаттау бала Абайдың түйсінуі арқылы берілген. Сөйтсе де жазушы Құнанбайдың көп қырлы мінезінің кейбір белгілерін оқушыға сездіре алған»[2,63],- деп түсіндіреді. Ал, қазақ романының теориясын зерттеген ғалым академик Р.Бердібай дәл осы суреттеуде жазушының әкелген жаңалығын таниды. «Қаһарманның бет-жүзіндегі, денесіндегі ерекшелдікті екінші бір адамның көзімен бағалату суреткердің қалыптастырған тамаша өнегесі»[3,68].

Өткен ғасырдың екінші жартысында романға классикалық әдебиеттану ғылымының талаптарына сәйкес, көркемдік қырларын таныта отырып, баға беруге ұмтылу белгілі ғалым Р.Бердібайдың еңбектерінен көрініс береді. Қазақ романдарын көркем шығарманың өз заңдылығымен бағалауда қазақ әдебиеттану ғылымында осы ғалымның еңбектері арқылы бетбұрыс жасалғандай. Роман жанрының тақырыбы мен идеясының өзектілігіне қарай ғана бағалау кең өріс алған кезеңде, оның теориясын жасауға ұмтылғаны- сол кезең үшін үлкен жетістік. Қазақ прозасының дамуын ұзақ жыл бақылап, қадағалап, әрбір туындының көркемдік сырларына терең зерттеу жасаған ғалым бұл салада өзіндік сара жолын танытады. М.Әуезовтің шығармашылығына баға бергенде, оның қазақ әдебиетіне әкелген көркемдік жаңалықтарын тілге тиек етеді. Нағыз классикалық романды дүниеге келтірген жазушының шеберлік сырларына қанықтырып, қазақ романының теориясын жасайды. Ғалымның теориялық еңбектерін зерттей жүріп, қазақ романдарындағы характер жасау әдістерін тану әлі де көп ізденісті қажет ететінін түсінгендей болдық. Соның бір үлгісі ретінде, М.Әуезовтің Құнанбай бейнесін сомдау ерекшеліктеріне тоқталмақпыз. «М.Әуезов шығармаларының қазақ әдебиетіне әкелген

жаңалығы қатарында психологиялық талдау тереңдігін айту керек»[3,67],- дейді ғалым. Психологиялық талдаулар - әлеуметтік құбылыстарды адам характерінің ерекшеліктерімен жымдастыра көрсету шеберлігі. «Бұл реттен алып қарағанда М.Әуезов әдебиетіміздің дамуында тұтас дәуір тудырды дей аламыз»[3,67],- деп ғалым жазушының суреткерлік шеберлігіне жоғары баға береді.

«Қаһарманның психологиялық қайталанбас кескіні, көптеген көркемдік бояулардың бірігуінен пайда болатын құбылыс. Бұл арада портреттің дәлдігі, диалогтың жандылығы, монологтың растығы, баяндаудың байыптылығы секілді бірталай шарттылықтарды есте тұтамыз»,- деп, «көркемдік бояулар сырын ашып көрсетеді. Басқа да көркемдік жаңалықтарына қоса М.Әуезовтің қаһарманның психологиялық даралығын суреттеу шеберлігінде портрет жасаудағы жаңалығын бажайлай түсіндіреді. М.Әуезов шығармаларындағы портрет түрлерін, оның берілу шеберлігін ғана зерттеуге тұрарлық қызық құбылыс екенін байқадық. Портрет жасаудың төрт түрлі тәсілін түсіндіре келіп, екі түрі – қаһарманның сырт келбетін толық суреттеу және бірер белгісін ғана атап өту - қазақ қаламгерлерінің көпшілігі пайдаланатын кеңінен танымал тәсіл болса, екі түрі М.Әуезов енгізген тәсіл деп көрсетеді. «М.Әуезов өзінің роман-эпопеясында портреттің бұлардан басқа және де екі түрін жасайды. Қаһарманның бет-жүзіндегі, денесіндегі ерекшелікті екінші бір адамның көзімен бағалату суреткердің қалыптастырған тамаша өнегесі. Сондай-ақ адам портретін түрлі жағдайда қайталай, әрбір қырынан толықтыра отыру тұлғаның дамуын елестететін ұтымды әдіс болғанын көреміз»[3,68].

Ең алғаш Құнанбай бейнесімен оқырманын таныстыратын жағдай үстінде жазушы оның портретін Абай көзімен суреттеп кетеді. Осы портреттің ерекше тәсілмен жасалып, қаһарман характерін ашу үшін жазушы әкелген тың тәсіл екенін ғалым Р.Бердібай дәлелдейді. «Асылы, кейіпкерлерді орталық қаһарманның көзімен сынату, мінездеу көркем тұлғаға жан кіргізетін, құбылыстардың қозғалыс динамикасын елестететін өзгеше ұтымды жол екені анық. Роман-эпопеядағы негізгі тип-тұлғалардың көпшілігін біз төтелеп, автордың таныстыруынан емес, Абайдың түсінігі, түйсігі бойынша білгенбіз. Мұндай тәсілді қолданатын қазақ жазушылары бұл күнде баршылық. Дегенмен, портретті осылайша, мүсіндеу дәстүрін халқымыздың көркемдік тәжірибесіне тұңғыш рет толық күйінде М.Әуезовтің сіңіргені кәміл»,- деп нақтылай, үстемелей дәлелдейді.

Абай жиынға шақыртылып, үлкендер сөзін тыңдауға мәжбүр болатын сәтті тағы бір рет елестетіп көріңіз. Абайды үлкен өмірге, ересектер әлеміне зорлап енгізгендей осы бір жағдайдың суреттелуі бір ғана Құнанбай мінезін танытуымен ерекшеленбейді. Болашақ оқиғалардың бастауы, тартыстардың көзге ұрынар тұсы. Жағдай таңдаудың да сәтті үлгісі де осы жерде. Сонымен бірге портреттің жаңа түрінің көркемдік әлемге енетін кезі. Онша ықылассыз отырған балаң жігіт өз көңіліне өшпестей етіп үлкендер портретін салып отырғандай. Болашақ үлкен

оқиғаларға қатысып, тартыстардың қозғаушысы болатын қаһармандар Абай алдында сыртқы түр тұлғаларымен танылады.

Құнанбай портретін Абай өз көңіл айнасына былай түсіреді: «Әкесінің ат жақты келген ұзын, сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтеріңкі жал тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсіні, салғырттығы жоқ, сергек, қатал күзетші. Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді»[4,24]. Осы портретті ешбір қосымша түсіндірусіз, жоғарыдағы пікірлерді оқулықтан оқымай, таза көңілмен оқығанда Құнанбайдың қазақ даласының, қазақ қоғамының иесі екенін тануға болады. Құнанбай өзінің үзеңгілес теңдестерімен қатар алынып, оның олардан оқ бойы озық тұлғасы ә дегеннен көзге анық көрінеді. Осы жерде автор өзінің характер жасаудағы классикалық қайталанбас шеберлігін бірден байқатады. Құнанбайдың көзіне берген мінездеме: «Қоя берсіні, салғырттығы жоқ, сергек, қатал күзетші», - сол арқылы өзіне беріліп тұр емес пе? Бұл тұрғыдан келгенде М.Қаратаев өте дұрыс баға берген. Өз айналасындағы өрескел мінез, ерсі қылықты қалт жібермейді, салғырт қарай алмайды, немқұрайдылығы жоқ аса сергек сақшы. Ұлттық дәстүрдің, ұлттық қасиеттің сақшысы. Автор өз қаһарманын қапысыз таныған да, соны танытқан.

Барлық ғылыми зерттеулерде Құнанбай бейнесіне қара күйе етіп жағылатын- Қодарға кесілген өлім жазасы. Бұл жазаның да қалай бұйырылғанын жазушы сол кездегі ел сөзін ұстаған атқамінерлер мен Құнанбай арасында болған диалогтарға сыйғызған. Жазушы бұл жерде авторлық баяндауды бәсеңдетіп, характерлердің ішкі әлемін танытатын әдістердің бірі – диалогтың сол оқиға үстіндегі жанды түрін, шарпысқан тартыстың үстіндегі отты сөздерді берген. Р.Бердібай көрсеткеніндей: «айтпауға болмайтын, жасыруға келмейтін қажеттілікті жариялаған»[3,73]. Диалогтарды оқып отырып, Құнанбайды жазушы іштей соншалықты жақтап отырғанын көруге де болады. «Жым-жырт жиынның ішінен алдымен сөйлеген – майысқақ Қаратай. Ол : -Сұмдық екені рас. Ұл-қызыңның басына бермесін. Шын болғанда кәпір қауымында кететін іс қой. бұл,- деп, «Қодардың айыбы шын ба, бекер ме?» -деген өз ойларындағы күдікке ептеп қана бір соғып, қиялап салды».

Қодардың жақыны - Сүйіндік. Құнанбай осы Сүйіндікке бар салмақты салып отырғаны түсінікті. «Сүйіндік: -Осы айыбына көз жетсе, тұрғызып қойып бауыздайық. Бірақ сол шынына жеткен жан бар ма?.. – дей беріп еді. Құнанбай серпіліп, ілгері ұмтыла түсті. – Ей, Сүйіндік,- деп киіп кетіп ұрыса сөйледі,- албасты да қабаққа қарай басатын. Қыры жоқ, қасиеті жоқ басшы болса, ыбылыс, жын иектемей нетеді. Адал десек, аман десек, жан берейік, ақтайық, ақыретте айыбын өз мойнымызға алайық. Бірақ,

менің екі бірдей жаным жоқ. Майысар болсаң, жаныңды да берерсің. Беремісің жаныңды?! – деп сарт етіп өзіне жабыса түсті. – Е, тастай алмай жүрген жаным жоқ! Терге демесем, жанымды ала ғой деп кепілге келіп пе екемін.,- деп томсарып қалды. – Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз ғып, көпке жайып әкеткен елді терге. Ел тұрсын, кешегі жиында бетімізге былш еткізіп, жарып айтқан жатты терге. Соған да жеткен. Бар да «өтірік» деп соны иландырып келші. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді. Ендеше, не ер бол да ақта. Немесе илан да жазала! Тек жарықтығым, дүмбілезінді көрсетпе, былқыл-сылқылыңды аулақ әкет! – деді»[4,26-27]. Сүйіндіктің де, Қаратайдың да Қодар ісін ақтап отырмағаны белгілі. Бірақ «өтірік емес пе» деген күдік бар. Оны анықтап, не азаматын арашалауға, не ел бетіне жағылған күйе ретінде жазалауға келгенде майысқақ, немқұрайды. Ал Құнананбайдың сөздері оның бар қасиетін паш етіп тұр. «Қоя берсіні, салғырттығы жоқ, қатал күзетші» екенін танытады.

Құнанбайдың ширығып отырған себебін де автор Жиренше мен Абайдың диалогы арқылы береді. «Бірақ әнеугүні Құнекең мына Сыбан ішіне топқа барса, сонда Солтабай төре осыны бетіне салық қыпты. Мына кісі төреге насыбайды тастасаңшы дегенде, анау: «мен насыбайымды тастайын, бірақ, Шыңғыстың бөктеріндегі шашты сайтаныңды сен де тыйсаңшы!» - деп бетінен алыпты дейді. Соған намысы келіп, Құнекеңнің қатуланып отырғаны әлгі ғой,- деді»[4,33]. Көріп отырғанымыздай, жазушы Құнанбайдың әрбір ісіне деректі анықтама беріп отырады. Бұл оқиғаны теріс түсіндірген, Қодардың жерін тартып алу үшін. өсекке сенген сияқты болған деп түсіндіріп келдік. Ал шындығында, ондай масқара іс-әрекет сөз болғанда, салғыртсып отырса, қазақ ұлтының өзіне тән заңдары аяққа басыларында дау болмас.

Сонша ғасырлардан бері ұлттың мықты тірегі болып келген дәстүр заңын сақтау әр заманда да Құнанбай сияқты мықтылардың ғана қолынан келмек. Атасы мен келінінің арасындағы өсек болғанда да жазалануға тиіс. Себебі өрттей қаулаған сөзді қалай тоқтатасың, кімнің аузына қақпақ қоясың. Ежелгі үнді жыры "Рамаянада» қызық бір оқиға бар. Рам патшаның сүйіктісі пәк сұлу Сита ұзақ уақыт Равана дәудің қолында тұтқында болады. Дәу оның қасына жақындай алмай, оны зынданға салдырады. Оның күнәсіздігін оттың ішінен еш жері отқа шарпылмай аман шыққаны да сендіре алмайды. Рам сенеді, бірақ жұртты сендіре алмайтынын біліп, бұндай өнегесіздік кейінгі ұрпағыма дәстүр боп кетпесін деп жүрегі жылап тұрса да, Ситаны елден шығарып жібереді. Ежелгі жыр адалдықты сақтау үшін кейде құрбандыққа да баратын өр тұлғалар туралы осылай аңыз етеді.

Құнанбайдың ел жинап, игі жақсылардың алдында ұрпағын жаман әдетті ойлануға да болмайтындай қатаң жаза кесуі, оны шарифат жолымен ғана орындатуы тағы да Құнанбайдың кесек мінезін танытады. Оны автор сол кездегі социалистік реализмнің шартын орындау үшін Құнанбайды жауыз қара жүрек етіп көрсету талап етілген. Бірақ автор оны істей алмаған. Өзі білетін, қалың ел сыйлайтын Құнанбайды олай

жазу мүмкін болмағандай, оған жазушының өзі білетін шындықтары жібермегендей. Және тарихи романның шарттылығы да себеп болса керек.

Құнанбай характерін ашу үшін жазушы түрлі әдістер таңдаған. Жағдай мен оқиға таңдауы, сол оқиға үстіндегі жанды бейнені сомдауы өз алдына бір зерттеудің жүгін арқалағандай. Тек қана портреттерін суреттеу арқылы қанша сырын ашады. Оның өзі бір бөлек дүние іспетті. Диалогтардағы жасындай жарқылдаған қайрат пен жігер қайталанбас суреттеулер болып шыққан. Ондай отты сурет енді жасалмайтындай көрінеді. Енді бірде жазушы сүйікті қаһарманын өзіне бағалатады. Романда Байдалы айтатын әңгімені көп зерттеушілер қазір жақсы түсіндіріп жүр. Соны тағы тыңдайық: «- Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, Жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен!» - деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Уай тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па? – деді».[4,178]. Әкесіне өкпесін, оған қоса осы әңгімені есітіп, ширығып келген баласының көңіл-күйін дәл танып, Құнанбай баласына бірінші рет ішін сәл ашады. «Қаратай жүйрік қой жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірде ұстаған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық – кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар!- деп, үндемей түнеріп отырып қалды[4,180]. Дәл осы жерде Құнанбай өзіне -өзі биік баға береді. Автор өте шеберлікпен характер мінезін ашудың тағы бір жолын табады. Бұған да бірнеше мысал келтіруге болады. Мақаланың көлеміне сыймайтын болғандықтан, оны тоқтата тұрып, тағы бір әдісті айтып кетуді жөн көрдік. Ол әдіс - Құнанбайға баласы Абайдың әр кезде беретін бағасы. «Бұл кезде Абайға әкесі жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен гөрі басқарақ түкпірі бар жан сияқты. Оңай жан емес. Қабат-қабат шың сияқты»[4,180].

М.Әуезов өз романында өз кейіпкерінің осы қырларын шын мәнінде таныта алған. Ол сомдаған Құнанбай бейнесіндегі ұлттық кесек қасиеттерді тану - сол арқылы ұлттық характер жасау шеберлігін зерттей түсу. М.Әуезов суреткерлігінің шын құпиясын ашуда Құнанбай бейнесін зерттеу көп көмек беретіні көрінеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 1-том. Алматы. «Жазушы» - 1974,343 б.
- 2.Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. Алматы. «Жазушы». 1965,-400 б.
- 3.Бердібай Р. Тарихи роман. Алматы. «Санат». 1997, -336 б.
- 4.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 3-т., Алматы. «Жазушы». 1979,-424 б.

### **Резюме**

В данной статье автор рассматривает образ Кунанбая в роман-эпопее М. Ауезова «Путь Абая». Главном образом с помощью сопоставительного анализа анализируются исторические реалии и художественный контекст предметности данного исследования.

### **Resume**

This article regards the description representation traditional style of Kunanbay {on the basis of M. Auieзов`s novel “Abai joli”}.

### **Resume**

Bu makalede ‘Abay Yolu’ eseri esas alınarak ‘Kunanbay’ karakteri incelenmektedir.

\*\*\*\*\*

**Адамға білімнен бұрын тәрбие берілуі керек**

**әл-Фараби**

\*\*\*\*\*